

ТАҚЫРЫП 10. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАР



1

□ 1. Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)

□

□ ХВҚ 1944 жылы өткен Бреттон-Вуд (АҚШ) валюта-қаржы конференцияның шешімімен БҰҰ (ООН) ның арнаулы органы ретінде ашылып, ол өзінің жұмысын 1947 жылдан бастады.

□ ХВҚ - ол үкімет аралық валюта - қаржылық ұйым, оның мақсаты өзінің мүше - мемлекеттер арасындағы валюталық қатынастарды реттеу, төлем баланстарының тапшылығын жабу үшін оларға қысқа және орта мерзімде шетел валютасымен кредит беру. Алдымен ХВҚ мүшелері болып 35 мемлекет енді, 2006 жылы оның саны 184 ке жетті. Қазақстан соған мүше болып 1992 жылы енді.

- ХВҚ - өзінің құрылымы жағынан акционерлік қоғамға ұқсайды. Сондықтан оның қызметіне әр елдің жарлық қорына қосқан үлесіне (квота) қарай әсер етеді. АҚШ онда ең көп квотаға ие, сондықтан оның банктің саясатына ықпалы жоғары.
- Мәселені шешуде дауыс берудің өзара келістіру принциптері де сол жарна қорындағы әр елдің үлесіне байланысты: 24 өте дамыған елдің (олар жалпы мүше елдердің 14%) үлесі 60% дауыс иеленеді, оның ішінде АҚШ - 17,7%, ЕО елдері 26,2%, Жапония - 7%.

- Мүше елдердің қор капиталына үлесі (взносы) 2 бөліктен тұрады:
- 1) әр елдің квоталарының 25% немесе оның алтын валюта резерв қорының 10% шамасы алтын түрінде;
- 2) квотаның қалған бөлігі ұлттық валюта түрінде болуы керек.
- Квотаның мөлшері әр елдің экономикалық, қаржылық жағдайына қарай белгіленді, ол әрбір 5 жылда қайта каралып отырады.
- ХВҚ капиталы өзінің мүше елдерінің арасындағы валюта қатынастарын реттеп отыруға, уақытша қаржылық қиыншылық көріп отырған елдерге кредит беруге пайдаланады. ХВҚ-ның штаб – пәтері (квартирасы) Вашингтон қаласында - қорға ең көп үлесі бар елдің астанасында.

- ХВҚ-ның басқару органы - губернаторлар кеңесі, оның құрамына әр елдің өкілдері (қаржы министрі болмаса орталық банктердің басқарушылары). Губернаторлар кеңесі жылына бір рет жиналады.
- Оның міндетіне төмендегілер кіреді:
- - кредит валюталық қатынастарды реттеу туралы ұсыныстар әзірлеу;
- - дамып келе жатқан елдерге экономикалық реформаларды өткізуге кеңес беру;
- - қорға жаңа мүше қабылдау, квотаны өзгерту, берілген кредиттерді тиімді пайдалану мақсатында инспекторлық бақылау жүргізу, т.б.

- Күнделікті оперативтік жұмыстарды жүргізу үшін директорат сайланады, ол 24 директордан тұрады, оның 7 квотада ең көп үлесі бар дамыған елдер сайлайды, ал қалған 17-ін географиялық жағдайымен сайланады.
- Директоратты - реттеуші директор басқарады. ХВҚ-ның жалпы қызмет ету адам персоналының саны -2000. Жұмысқа конкурспен қабылдайды.
- Төлем балансына тапшылығы (дефициті) бар мүше-елдер ХВҚ-дан 3-5 жыл мерзімге шетел валютасымен кредит алуына болады. Оны өз валютасына айырбастап алуына да болады. Ешқандай тежеусіз мүше-елдер өз квотасының 25% мөлшеріне дейін шетел валютасымен кредит алуына болады. Мұндай кредиттер ХВҚ-ның **резервтік позициясы** деп атайды.

□ 2. Әлемдік банк және оның ұйымдары

-
- Бреттон-Вудстың институттары деген атпен жалпыға танымал Әлемдік банкі мен ХВҚ, әлемдік экономикалық және қаржылық тәртіптің бүкіл құрылымын қолдайтын, қос мемлекетаралық тірек болып табылады. Екеуінің бір болуы кездейсоқтық емес. Халықаралық ынтымақтастық саналы түрде, бұл екі ұйымды құруда еңбек бөлінісін жүзеге асыруға тырысты. Бір қарағанда ХВҚ мен Әлемдік банктің көп ұқсастық белгілері бар. Бұл екі ұйым да қазіргі кезде олардың мүшелері болып табылатын 180-нен астам мемлекеттердің үкіметтері арқылы басқарылады.

- Екі институтта экономикалық мәселелермен шұғылданады және олардың мүшесі болып табылатын елдің экономикасының кеңеюіне және нығаюына өз күштерін шоғырландырады. Екі мекеменің де штат-квартиралары Вашингтонда. Ұзақ жылдар бойы олар бір ғимарат ішінде орналасқан болатын, қазірдің өзінде бір көшенің қарама-қарсы жақтарында болса да, кітапханалары және басқа қызметтері ортақ экономикалық мәліметтермен жиі алмасып отырады, кейде бірлескен семинарлар мен кеңесулер өткізеді, жұмысшылар кездесулер ұйымдастырады.

- Банк мүшелері міндетті түрде ХВҚ мүшесі болуы керек. Осыған қарамастан, Әлемдік банк және ХВҚ принциптік айырмашылықтарға ие. Ол мынадан шығады: Әлемдік банк даму мәселелерімен айналысатын негізгі институт болып табылады, ал ХВҚ - бұл қарым-қатынас орнатушы институт, ол елдер арасындағы төлемдер мен ақшалай түсімдердің тәртіптенген жүйесін құруға тырысады. Бұл ұйымдардың мақсаты, қаржыландыру көздері әр түрлі және өзіндік мақсаттарына өздеріне тән әдістермен жетуге тырысады.

- Бреттон-Вудскідегі келісімде халықаралық қауымдастық өзінің ресми атауы - Халықаралық қайта құру және даму банкісінде (ХҚДБ) қарастырылған әлемдік банк үшін мәселелер шеңберін орындайды. Осыған сәйкес оның негізгі міндеті - экономикалық дамуды қаржыландыру, яғни екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қираған елдерді қалпына келтіруге көмектесу, сонымен қатар қаржылық көмек көрсету және халықаралық сауда мен төлем баланстарын теңдестіруге ықпал ету.
- Әлемдік банк өзінің жұмысын 1946 жылдан бастады. Алғашқы кредиттері Батыс Еуропа елдерінің соғыстан қираған экономикасын қалпына келтіруді қаржыландыру үшін берілген болатын. 1960 жылдан бастап ол дамушы елдерге өздерінің кредиттерімен көмектесті, сөйтіп олардағы экономикалық және әлеуметтік прогрессті қалыптастырды.

- Дүниежүзілік банкті құру туралы ұсыныс АҚШ тарапынан болған, олар бірінші кезекте өздерінің соғыс кезінде жоғары өсіп кеткен өндірістік қуаттарын пайдалану үшін экспортты қаржыландыруға мүдделі болды. Сол уақытта халықаралық ұйым көмегімен капитал салымшыларының тәуекелін қалпына келтіру мақсаты көзделді.
- Әлемдік банк екі үлкен ұйымнан тұрады - Халықаралық қайта құру және даму банкісі (ХҚДБ) және Халықаралық даму ассоциациясы (ХДА). Сонымен қатар, банкінің құрамына мынадай ұйымдар да кіреді: дамушы елдердің жеке меншік кәсіпорындарын қаржыландыруға бағаттылған Халықаралық қаржылық корпорациясы; Инвестициялық дауларды реттеуші Халықаралық орталық; Инвестициялар кепілдемесінің көпжақты агенттігі.

- Әлемдік банкте 6000-нан астам арнайы адам қызмет істейді және әлемде оның 40 бөлімшесі бар, оның қызметкерлерінің 95%-ға жуығы Вашингтондағы штаб-пәтерінде жұмыс жасайды. Олардың арасында экономистер, заңгерлер, инженерлер, агро-номдар, телекоммуникация, су жүйесінің, тасымалдау, білім және т. б. салалардың мамандары бар.
- Әлемдік банк - инвестициялық банк, инвестор мен алушылардың арасында делдалдық қызмет көрсетеді, яғни біреуінен алса, екіншісіне кредит береді. Банк иесі болып мүше болған елдер есептелінеді, олардың акционерлік капиталы 185 млрд. долларға жуық. Қаржының көпшілігін банк жеңілдетілген кредит беруге жұмсайды. Кредит 100 шақты елдегі жеке меншік мекемелерге және жеке адамдарға беріледі. Жеңілдікпен берген кредиттері донор-елдердің қаржысы арқылы шешіледі.

- Әлемдік банк әлемде нарықтық капиталдың негізгі кредит алушысы болып есептелінеді. Мемлекеттер мен оның өкілдеріне орталық банктерге облигация мен вексель сату арқылы да қарыз алады. Облигация сату арқылы түскен түсімдер дамушы елдерге саясатты өзгертуге байланысты жасаған бағдарлама мен жобаларды қаржыландыруға қолайлы пайыз нормасымен беріледі.
- Әлемдік банк құрылған кездегі негізгі капиталы 10 млрд доллар болған, ал одан ары ол ұлғайып: 1970 ж. - 27 млрд долл., 1980 ж. - 34 млрд СДР-ға дейін (ол кезде СДР = 1,317 долларға теңескен), ал 1994 ж. - 140 млрд СДР-дан астам болды.

- Әлемдік банкке мүше болғысы келген әр ел өз квотасының 10%-ын төлеу қажет. Оның 1%-ы доллармен немесе алтынмен, ал 9%-ы ұлттық валютамен төленеді. Төленген қаржының бірінші бөлігін банк өз еркімен пайдалана алады, қалғанын берген елдің рұқсатымен жұмсайды, ал қалған капиталдың 90% бірден төленбейді, бірақ банкке өзінің міндеттемесін өтеуге қажет болса, онда ол кез келген уақытта талап етеді.
- Дүниежүзілік банк кредиттік қабілеті бар дамушы елдердің үкіметтеріне өз кредитін береді. Дамушы елдердің, егер адам басына шаққанда жалпы ұлттық өнім 1200 доллардан асса, бұл ел Халықаралық қайта құру және даму банкісінен кредит алуына мүмкіндігі бар. Бірақ кредиттің пайызы банктің нарықтық пайызынан шамалы артығырақ болады. Әдетте төлеу мерзімі 12-15 жыл.

□ 3. Еуропа қайта құру және даму банкі

□

□ Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) 1990 жылы 29 мамырда болған келісім бойынша халықаралық қаржы мекемесі ретінде құрылған. Оның құрылтайшыларына барлық Еуропа елдерімен қоса, Албания, АҚШ, Канада, Марокко, Мексика, Египет, Израиль, Жаңа Зеландия, Австралия, Жапония, Оңтүстік Корея, сондай-ақ Еуропалық инвестиция банкісі жатады. Сонымен қатар, бұл банктің құрылтайшыларына КСРО, Чехословакия және Югославия ыдырағаннан кейін құрылған жаңа мемлекеттер енді. Банк жарғысы бойынша барлық ХВҚ мүшелері ЕҚДБ-нің мүшесі бола алады. ЕҚДБ-нің штаб-пәтері Лондонда. Өз жұмысын бұл банк 1991 жылы сәуір айынан бастады.

- Банктің жарғысында белгіленгендей ЕҚДБ-нің мақсаты кредит және ғылыми-техникалық көмек беру арқылы бұрынғы социалистік елдерге нарықтық экономикаға өтуіне, жеке және кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға қолдау көрсетеді.
- ЕҚДБ-нің басты міндеті - бұрынғы социалистік елдерге саяси жүйенің өзгеру кезеңінде жаңадан экономикалық және әлеуметтік жағдай жасау үшін инвестиция беру, жекелендіруге, құрылымдық қайта құру (көлік және байланыс жол, энергия және коммуникациялармен қамтамасыз ету, тұрғын үй шаруашылығы), табиғатты қорғау және т.б. салалар қолдау болып табылады.

- ЕҚДБ-нің негізгі кредит беретін объектілеріне жеке фирмалар, жаңадан құрылған нарықтық құрылымдар, жекешелендірілген объектілер, бірлескен кәсіпорындар жатады.
- ЕҚДБ кредиттеу қызметін жүзеге асыра отырып, жұмысында дамыған елдердің банкі ісіндегі жалпыға орта стандарттарды пайдаланады, экономиканың нақты салаларына, инфрақұрылымға және экология саласының дамуындағы ұзақ мерзімді жоспарларды жүзеге асыруда жеке инвесторлармен, коммерциялық, орталық банктермен, Үкіметтермен серіктесіп жұмыс жасайды.

- ЕҚДБ-нің жұмысының маңызды аспекті - басқаратын кадрларды дайындау, әр саладағы нарық кадрларының біліктілігін арттыру. ЕҚДБ бастамасымен ХВҚ, Әлемдік банк, ЕО және басқалармен бірігіп бұрынғы социалистік елдердің нарықтық экономикаға өту үшін банктік және шаруашылық кадрларды дайындауға байланысты міндеттерді шешуге көмек беретін Біріккен Вена институты құрылды. ЕҚДБ-нің жарғылық капиталында ЕО елдері квотасы 51%, Орта және Шығыс Еуропа елдері, ЕО-нің мүшесі емес елдері - 13%, қалған Еуропалық емес елдердікі - 24%, олардың ішінде АҚШ үлесі (10%) құрайды. Еуропа елдерінің ішінде Италия, Германия, Ұлыбритания, Франция елдері әр қайсысы - 8,5% иеленеді. Сол сияқты Жапония да ЕҚДБ-ның жарғылық капиталының 8,5% үлесін иемденеді.

- ЕҚДБ жарғысы бойынша оған 10 млрд. ЭКЮ-ге акция шығаруға рұқсат етілген. Мұндағы 1 акция 10 мың ЭКЮ номиналына бөлінген.
- ЕҚДБ-нің кредит қоры *жай ресурстар* мен *арнайы қорлардың қаражаттарынан* тұрады.
- **Жай ресурстар құрамына:** а) шығаруға рұқсат берілген акционерлік капитал; ә) әлемдік капиталдар нарығынан алған заемдық қаражат; б) заемдарды қайтарудан түскен және кепілдіктен түскен қаражат, сондай-ақ акционерлік капиталға инвестициялаудан түскен түсім; в) арнайы қорға жатпайтын ЕҚДБ-нің басқа қаражаты мен табыстары.
- **Арнайы қорға**, арнайы жіберілген қаражаттар, инвестициялардан алған табыстар кіреді. Арнайы қорлардың қаражаты көбінесе тиімділігі төмен әлеуметтік салаларға, кредит беруге техникалық көмек көрсетуге жұмсалады.

- ЕҚДБ ұйымдық құрылымы бойынша өзге халықаралық қаржы институттарынан айырмашылығы жоқ - ЕҚДБ-нің басқару жұмысын *басқару кеңесі, директорлар кеңесі және президент* атқарады. Басқару кеңесіне - әр қатысушы банктен 2 өкіл кіреді. Әр жыл сайын болатын жиналыста кеңес өз басшысын төраға ретінде сайлайды.
- Басқару кеңесі өкілетілігінің бір бөлігін директорлар кеңесіне жіктеуі мүмкін. Директорлар кеңесі - басты атқарушы орган болып табылады. Ол 23 мүшеден құралады: директордың 11-і ЕО мүше болған елдерден сайланады, 4-і Орталық және Шығыс елдерінен; 4-і қалған Еуропа елдерінен; 4-і Еуропалық емес елдерден сайланады. Мүше болған директорлар 3 жылға сайланады.
- Басқару кеңесі 4 жылға ЕҚДБ Президентін сайлайды. Ол директорлар кеңесінің басқаруымен ЕҚДБ ағымдағы қызметін басқарады.

□ 4. Азия даму банкі.

-
- Азия даму банкісі (АзДБ) 1965 жылы құрылған. Оның мүшелері болып Азиядағы дамушы елдермен қатар, Жапония, Австралия елдері де кіреді.
- 1980 ж. Азияның 29 елі банктің аймақтық мүшелері ретінде банк мүшелерінің жиналысында 66,6 % дауыс алса, оның ішінде Жапония үлесі - 26,2% дауыс, Австралия - 11,1% дауысқа ие болды. Кешірек АзДБ мүшесі болып тағы 14 тәуелсіз дамыған ел қосылды. Олардың дауыс үлесі 33,4% құрайды. Бұған Жапония мен Австралияны қосқанда басқарушылар кеңесінің жиналысында алған үлесі 70%-дан астамын құрады. АзДБ-нің жарғысы бойынша банк, тек мүше болған елдерге қаржы бөледі. Штаб-пәтері Филиппиннің астанасы - Манила қаласында.

- АзДБ өз операцияларын ЕҚДБ сияқты жүзеге асырады. 1980 жылы банктің негізгі капиталы 9,5 млрд долл. болды, оның 8,9 млрд долларына қол қойылды. Банктің ережесі бойынша капиталының 20% төленуі қажет, ал қалған 80% керек болса кез келген кезде талап етіле алады. Құйылған қаржы кепілдік қоры ретінде мүшелерінің қолында болады Оның 81% алтын немесе конвертация жасауға болатын валютадан, ал қалған бөлігі ұлттық валютадан тұрады.
- АзДБ облигация шығару арқылы өзінің қаражаттарын әлемдік-қаржы нарығынан тартады.
- АзДБ кредиттің көп бөлігін мынадай 5 елге берді — Индонезия, Оңтүстік Корея, Филиппин, Пакистан, Тайланд. 1980 жылдың басында 8,7%-бен 5 млрд. доллар кредит берді. Оның қайтару мерзімі 10-30 жыл. Бірінші қайтарым - 2-7 жылдан кейін. Берілген кредиттің 1/3-і жеңілдетілген кредит, яғни жылына 1%-дан 4% мөлшерлемесімен 40 жылға дейін беріледі..

▣ 5. Ислам даму банкі

- ▣
- ▣ Ислам даму банкі өз жұмысын 1975 жылдан бастады. Банктің негізгі кеңсесі Сауд Аравиясындағы Джидде қаласында орналасқан. Аймақтық кеңселері үшеу, олар - Рабат қаласында (Марокко), Куала-Лумпур (Малайзия) және Алматы (Қазақстан) қалаларында. Банктің құрылтайшылары Ислам конференциясының ұйымы (ИКУ) мүшелері. Қазіргі кезде олардың саны 52. Банктің жарғы капиталы 6 млрд. ислам динары. Ол сома 800 мың акцияға бөлінген. Ислам динары (ИД) банк шотының есептесу бірлігі болып саналады, ал оның құны Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) бір арнайы векселіне тең. Оған мүше мемлекеттердің банктің жарғылық капиталындағы үлестері төмендегідей: Сауд Аравиясы - 16,6%, Ливия - 6,7%, Кувейт- 8,3%, ал Гамбия, Қыр-ғыз, Мозамбик, Түрікменстан, Тәжікстан, Қазақстан, Мальдив, Суринам, Жибути, Комор елдері біріккенде 0,4% құрайды.

- Ислам даму банкін құрғандағы негізгі мақсат - шарифат негізіне сүйене отырып, ИКҮ-ға мүше болған және болмаған мұсылман елдеріне экономикалық даму және әлеуметтік ілгерілеуі үшін қаржылай көмек керсету. Әсіресе ИКҮ-ға мүше болған экономикасы нашар дамыған мұсылман елдеріндегі жобаларды қолдауға көбірек кеңіл бөлу.
- 1996 жылы банк 2 мыңға жуық жобаларды қаржыландырды, оның ішінде сауда-саттық пен арнайы көмекке байланысты 12 млрд ислам динары жұмсалды. Бүгінгі кезде халықаралық және аймақтық қаржы мекемелерімен бірлесіп жобаларға берілген қаржы мөлшері 170 млн АҚШ долларына жетті.

- Шариғат негізіне сүйеніп, банк коммуналдық шаруашылыққа, жол құрылысына, көпір, үй, коммуникациялар т.б. жобаларға, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мектеп салу, денсаулық сақтау объектілеріне, мәдениет, жалпы білім жүйесіне пайызсыз кредиттер береді.
- Банк өнеркәсіп және ауыл шаруашылығын бірігіп игерудегі жобаларға қаржы бөлуге қатысады, тез арада пайда келтіретін жобаларға, лизинг және қарызды мерзімінен кейінірек қайтаруға мүмкіндік жасайды.
- Банк өзіне мүше болған мемлекеттерге техникалық көмек, кеңес беру, жобалардың техника-экономикалық негізін жасау, сондай-ақ құрал-жабдық сатып алу үшін зерттеу жұмыстарын және жобаның атқару фазасы кезінде оқыту жұмыстарын жүргізеді.
- Банк өз портфеліндегі 1 млрд АҚШ доллары тұратын өтімді бағалы қағаздарды сатып алады және сатады.

- Ислам даму банкіне Басқарма бастығы жетекшілік етеді. Басқарманы банкінің барлық мүшелері ұсынады. Басқарманың Төрағасы болып оның мүшелері кезек-кезек сайланады. Басқарма жыл қорытындысын жасауға және келесі жылға керек бағыттарды анықтауға жыл сайын жиналады. Банкіні ұйымдастыруды шұғыл басқару үшін 11 адамнан тұратын атқарушы директорлардан құралған Басқарма құрылады. Оның 3 мүшесі тағайындалады, ал қалған 6-ы сайланады.
- Жарғы капиталына ең көп үлес қосқан (Сауд Аравиясы, Ливия, Түркия, Кувейт, Иран, Біріккен Араб Эмираттары, Индонезия, Пакистан) мемлекет ішінен 5 ел бір атқару директорын тағайындайды, ал 6-ын қалған мемлекеттер сайлайды.

- Басқарма бастығы өз араларынан 8 жыл мерзімге банк Президентін сайлайды. Сайланған Президент - атқарушы директордың төрағасы, Басқарманың төрағасы, сонымен қатар, ол банктің әкімшілік аппаратының да төрағасы болып есептеледі. Атқарушы директорлар кеңсені үш жыл басқарады, одан кейін жаңадан сайлауға түседі.
- Ислам конференциясының ұйымына мүше болған кез келген мұсылман елі, атқарушы директорлардың Басқармасының шарттарын және мерзімін сақтай отырып банкке мүше бола алады.
- Ресми банк тілі — араб тілі, ал қарым-қатынас үшін - ағылшын және француз тілдері болып табылады.